



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

23.12.2022 ж.

№ 21, 14-т.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының «Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін» және «Сала қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген айрықша еңбегі үшін» белгілері туралы Ережелеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Кәсіподақ Жарғысының 11.7.12 т. негізінде, Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіподағының Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағының «Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін» және «Сала қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген айрықша еңбегі үшін» төсбелгілері туралы ережеге төмендегідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Ережелердің барлық мәтіні бойынша:

- «Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағы» деген тіркес «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағы» деп ауыстырылсын;
- «белгі» деген сөздер «төсбелгі» деп ауыстырылсын;
- «Нұр-Сұлтан» атауы «Астана» болып ауыстырылсын.

2. «Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін» және «Сала қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген айрықша еңбегі үшін» төсбелгілері туралы Ережелерінің 2.2. тармағынан «...**сонымен қатар, әлеуметтік әріптестердің өкілдері...**» сөз тіркесі алынып тасталсын.

3. «Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін» және «Сала қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген айрықша еңбегі үшін» төсбелгілері туралы Ережелерінің 3.1., 3.2. және 4.1. тармақтарынан «**аумақтық**» сөзі алынып тасталсын.

4. «Білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген еңбегі үшін» және «Сала қызметкерлерінің кәсіподағына сіңірген айрықша еңбегі үшін» төсбелгілері туралы Ережелерінің 4.2. тармағы келесі редакциямен ауыстырылсын: **«Марапаттау туралы құжаттың телнұсқасы қолданыстағы үлгідегі бланкілерде «Телнұсқа» деген жазба негізінде беріледі».**

Төраға



А. Мұқашева